

**"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 қарашадағы N 2594 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 15 мамыр N 3504. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

"Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 3465 Жарлығын орындау үшін қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 қарашадағы N 2594 Жарлығымен бекітілген Ережеге мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 1-тармақтың 1)-тармақшасы "алдын ала тергеу" сөздерінен кейін " экономикалық, лауазымдық және әскери қылмыстар жөніндегі істер бойынша, жедел іздестіру қызметін, ұйымдасқан қылмыс пен жемқорлыққа, сондай-ақ басқа да ерекше қауіпті қылмыстық көріністерге қарсы күрес жүргізетін" сөздерімен толықтырылсын;

2) 1-тармақтың 2)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
"өзіне жүктелген міндеттерді атқара отырып, облыстар, Ақмола және Алматы қалалары бойынша, Қарулы күштердегі, өзге де әскерлер мен әскери құрамалардағы өзіне бағынысты бөлімшелерге, сондай-ақ оқу орындарына, мекемелер мен ұйымдарға басшылықты қамтамасыз етеді, оның ерекше режимді және ерекше маңызды объектілерде, ірі қалалар мен аймақтарда өкілдіктері болады";

3) 10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Мемлекеттік тергеу комитеті төрағасының үш орынбасары болады, оларды оның ұсынысымен Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады";

4) 11-тармақтың 6)-тармақшасында "арнаулы әскери атақтар" сөздері " арнаулы және әскери атақтар" сөздерімен алмастырылсын;

5) 11-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік тергеу комитеті департаментінің, бас басқармаларының, басқармаларының, бөлімдерінің бастықтары мен олардың орынбасарларын, оқу орындарының, мекемелердің, ұйымдардың бастықтары мен олардың орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады".

2. Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдарының қоса беріліп отырған құрылымы мақұлдансын.

3. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 қарашадағы N 2594 Жарлығының 2-тармағының күші жойылған деп танылсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан Республикасы

Президентінің

1997 жылғы 15 мамырдағы

N 3504 Жарлығымен

мақұлданған

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің  
органдары мен бөлімшелерінің құрылымы**

I. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің орталық аппаратының, Алматы, Ақмола қалалары және облыстар бойынша Мемлекеттік тергеу комитеті департаментінің (бас басқармалардың, басқармалардың) үлгілік ұйымдық құрылымы:

Әскери-тергеу департаменті (басқарма, бөлім)

Экономикалық және лауазымдық қылмыстарды тергеу департаменті  
(бас басқарма, басқарма, бөлім)

Аса қауіпті қылмыстарды тергеу департаменті (бас басқарма, басқарма, бөлім)

Арнаулы тергеу департаменті.

Есірткі бизнесін тергеу департаменті (бас басқарма, басқарма, бөлім)

Жедел қызмет департаменті (бас басқарма, басқарма бөлім)

Ұйымдық-кадр департаменті (бас басқарма, басқарма, бөлім)

Әкімшілік-қаржы департаменті (бас басқарма, басқарма бөлім)

"Интерпол" ұлттық орталық бюросы - басқарма

Екінші арнаулы бөлім (бөлімше)

Арнаулы мекемелер бөлімі (бөлімше, топ)

Жедел-техникалық басқарма (бөлім, бөлімше)

Ғылыми-зерттеу орталығы - басқарма

Ішкі қауіпсіздік қызметі (бөлім, бөлімше, топ)

Ақпараттық-талдау орталығы (басқарма, бөлім)

ТМД аумағындағы ұйымдасқан қылмысқа қарсы және өзге де аса

қауіпті қылмыс түрлеріне қарсы күресті үйлестіру жөніндегі бюродағы  
өкілетті өкіл

Төраға кеңесшісі

Баспасөз хатшысының қызметі

Мемлекеттік тергеу комитетінің қалалар мен аумақтар бойынша  
аумақтық департаментінің өкілдіктері

II. Мемлекеттік тергеу комитетіне, Алматы, Ақмола қалалары  
және облыстар бойынша Мемлекеттік тергеу комитетінің (бас басқармаларға,  
басқармаларға) департаменттеріне тікелей бағынысты бөлімшелер:

Әскери-тергеу және арнаулы бөлімшелері

Кезекші бөлімдер

Арнаулы мақсаттағы бөлімшелер

Алдын ала қамау мекемелері

Автошаруашылық және автожөндеу шеберханалары

Әскери-дәрігерлік комиссия

Емдеу-сауықтыру мекемелері

Арнаулы оқу орындары

Әскери және арнаулы жабдықтау базалары

К л у б

Газет редакциясы

Қызмет көрсетуші персонал және күзет

Баспахана